

Тексерілді: 
Әдіскер А.К Ерназарова

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ
Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 02-Обқазан айы, 2023-2024 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 06.10.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Не қайда өседі?. Көкөністер мен жемістер. Түстер әлемі. Ғажайып сәт. Мәшиненің дыбысы. Көркемсөз.Терезенің сыртында, Гүрілдеп тұр немене? Гүр-гүр-гүр! Гүр-гүр-гүр! Көлігім толып тұр! Ашыңдар! Ашыңдар! Сәлем, кішкентай достар! «Көгөністер мен жемістер» дидактикалық ойыны. Мақсаты. Ересектер ұсынған көгөністер мен жемістердің атауын атауды, оларды тани білуді, «көгөністер», «жемістер» деп жалпылама атауды үйрету. Ережесі. Балалар жүк көлігіне тиелген заттарды бір-бірден алып, оның атауын педагогтің соңынан ілесе отырып атайды. Қалған балалар дұрыс жауабын қайталайды. Балалар бакша мен бак бейнеленген тірек суреттерге қарап, педагогтің артынан жалпылама сөздерді қайталайды. Көгөністер мен жемістер. Ойынға қатысу, жауап беру, дұрыс жауаптарды қайталауды қолдап отырады. Барысы.Педагог көгөністер мен жемістерді бір-бірден алып шығып, саусақпен айналдыра жүргізіп, дұрыс атауын атайды. Бакшаға макетіне қояды. «Көгөністер мен жемістер» сергіту сәті. Орташа темптегі ритмикалық әуеннің жазбасы. Саусақ жаттығуы.Бұлт жиналды, жиналды, (алақандарын ашып жұмады) Жаңбыр жерге тамады. (бір қолдың алақанына екінші қолдың саусақтарын жаңбырдың тамшылары сияқты тырс-тырс еткізеді)Күннің көзі ашылды, (саусақтарын жан-жаққа ашады)Жаңбыр лезде басылды. (жұдырықтарын түйіп, үстелге қояды) Балаларға бір-екі рет қайталату. «Қандай түсті?» дамытушылық ойыны. Мақсаты: көгөністер мен жемістердің арасынан аталған түсті (қызыл, жасыл, тоқсары) табуды үйрету, таңдауын түрлі түсті фонға сәйкестендіру арқылы тексеру. Ережесі: әр балаға заттық суреттер тобынан біреуін қолына алуға мүмкіндік беріледі:</p>	<p>«Көгөністер мен жемістер» дидактикалық ойыны. Мақсаты: ересектер ұсынған көгөністер мен жемістердің атауын атауды, оларды тани білуді, «көгөністер», «жемістер» деп жалпылама атауды үйрету.</p>	<p>Көгөністер мен жемістерге тән түстерді айтуға жаттықтыру.</p>